



№67 (10057)
24 тамыз,
сенбі
2024 жыл

Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Мәселе



Рөлі оң жақтағы көліктерге тыйым салынады

Соңғы жылдары қазақстандықтар шетелден жиі көлік сатып алатын болды. Бірақ көліктердің көбісінің техникалық санаттары біздің жол жүруімізге сәйкес келе бермейді. Мысалы, сол көліктердің көпшілігінің рөлі оң жақта орналасқан. Бірақ олар қауіптілер санатына жатады.

Көлік министрі Марат Қарабаевтың сөзінше, 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Яндекс.Такси» мен InDriver өз платформаларында рөлі оң жақтағы көліктерді тіркемейтін болды. Министрлік екі компания арасында тиісті келісімге қол қойылғанын мәлімдеді. Енді аталған қос компания жаңа жылға дейін рөлі оң жақтағы көліктерді платформадан алып тастайды.

Оң рөлді сол жаққа ауыстырған көліктер де қызметтен шығарылады. Себебі олар да қауіптілер санатында. Бүгінгі таңда көптеген елдер жол қауіпсіздігі мақсатында рөлі оң жағында орналасқан көліктерден заңды түрде біртіндеп бас тартуда.

Егер «оңқай» көліктер жол ережесін бұзса, көлік құралын иесінен тартып алады. Бұндай тәжірибе – Израильде, Тәжікстанда, Балтық жағалауы елдері мен Әзірбайжанда, Конгода бар.

Алматы мен Шымкент арасында талай жол апатына себепкер болған рөлі оң жағында орналасқан «Альфард» маркалы көпкісілік минивендер екені елдің бәріне мәлім. Естүмізіме, оңтүстіктің жігіттері осы «Альфард» көлігінің күніне 50 мың теңгеге жалға беретін көрінеді. «Жалдау ақысымен өз нәпақасын толтырамын» деп жап-жас жігіттер күні-түні энергетикалық сусын ішіп, Алматы-Шымкент арасында құстай ұшып жүр.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметтері бойынша, 2023 жылы елімізде 240 мың заңсыз көлік легализацияланған. Соның ішінде 22 мыңы – Қазақстанға «қосалқы бөлшек» ретінде кіргізілген оң рөлді құрама автокөлік.

Халықаралық автожолдың «Мерке-Шу-Бурылбайтал» тұсында көлік апатынан қаза тапқан 6 адамды ақтық сапарға шығарып салған күні Көлік министрі мен «InDriver» компаниясының басшысы «рөлі оң жағында орналасқан және сол жағына ауыстырылған көліктерді такси қызметінен аластау» жөніндегі меморандумға қол қойды. Ендігі жерде аталған көліктермен «InDriver» және «Яндекс-такси» ретінде жұмыс істеп жүрген жүргізушілер де, көлігі де такси қызметіне қабылданбайды. Алайда бұл ереже тек 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енебек.

Көлік министрлігі жолаушылар мен жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бірқатар ережені ұсынып отыр. Мәселен, такси көліктері жолда жылдамдығын сағатына 50 шақырымнан асырмауы қажет. Жолаушы тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жүргізуші жолға шығар алдында медициналық куәландырудан өтуі керек, еңбек және демалыс кестесін және жылдамдық режимін сақтауы тиіс. Сондай-ақ такси қызметіне тартылған автокөлік міндетті түрде Қазақстанда тіркеліп, жылына екі рет техникалық байқаудан өтуі тиіс. Ескере кететін жайт, бұл өзінде министрлік тарапынан айтылып отырған ұсыныс қана. Оның жүзеге асар-аспасы алдағы уақыттың еншісінде.

Жандос МАХМҰТҰЛЫ

Үкімет



Жылу маусымында жұрт жаурамасын десек...

Апта басында Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында алдағы жылу маусымына дайындық барысы пысықталды. 6 облыста дайындық төмен екенін тілге тиек еткен Үкімет басшысы өңір әкімдерінің немқұрайлылығын сынға алды.

Баяғы жартас – сол жартас

Биыл елімізге 8,6 млн тонна қатты отын қажет, қорда өзінде оның 1 млн тоннасы ғана бар. Яғни жоспардың 88 пайызы орындалмаған. Энергетика министрлігінің мәліметінше, биыл елімізде 10 энергоблоқты, 55 қазандықты және 45 турбинаны күрделі жөндеу жоспарланған. Жұмыс түрлі кезеңде 1 энергоблок, 28 қазандық және 22 турбинада жүргізіліп жатыр, 4 энергоблокта, 21 қазандықта және 17 турбинада толық аяқталды. Сондай-ақ 13,4 мың шақырым электр желісі, 277 қосалқы станса, 2 292 тарату пункті жөнделген.

Қарағандыдағы күрделі жөндеуден өтуі тиіс қазандықта құрылыс жұмыстары тіпті басталмаған. Ал Маңғыстау мен Батыс Қазақстан облысы әкімдігі өлі күнге дейін мердігерді анықтамаған. Қостанай, Шығыс Қазақстан облысы мен Шахтинсктегі жылу орталықтарындағы жұмыс та кестеден кешігіп жатыр. Премьер-Министр қаржы уақытында бөлінсе де, жүйелі жұмыс жоқтығын сынға алды. Үш ай бұрын қауіп-қатердің алдын алып, шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі туралы тапсырма аяқсыз қалғанын айтты.

Бекітілген жөндеу жұмыстарының кестесін ауыстыра салу, құжат дайындау және отын қорын жинау мерзімдерін сақтамау фактілері жылдан-жылға қайталанып келеді. Әркім өз ісіне жауапты қарайтын болса, мұндай кеңесті жағдайлар орын алмас еді. Біздің отырыстарымыз бен кеңестерімізде облыс әкімдеріне осындай осал тұстарға назар аудару туралы бірнеше рет айтылды. Сонымен қатар жөндеу науқаны кезінде тәуекел тудыруы мүмкін нақты жағдайларды атап көрсетіп, шұғыл шаралар қабылдау қажеттігі туралы тапсырмалар да берілді. Алайда 3 ай өтті, баяғы жартас – сол жартас, өзгеріс шамалы. Сол өңірлер өлі артта, сол баяғы кешіктіру, кейінге шегеру, – деді Олжас Бектенов.

Үкімет басшысы жылу маусымына дайындығы нашар өңір әкімдеріне мәселені реттеуге уақыт берді. Олар қыркүйекке дейін мектеп, балабақшаны, ал 15 қазанға дейін аурухана мен басқа да өлеуметтік нысандарды жылумен қамтамасыз етуі қажет. Ал қазандықтағы жөндеу жұмыстарын қыркүйектің соңына дейін аяқтауы

тиіс. Олай болмаған жағдайда жаза қатал. Себебі Олжас Бектенов тиісті тапсырмалар орындалмаса, өңір әкімдерінің салаға жауапты орынбасарлары тікелей жауапқа тартылатынын қатаң ескертті. Сондай-ақ ел бойынша алдағы жылу маусымына шамамен 12 мың автономды қазандықты дайындау қажет. Бүгінде 10 мыңнан астам автономды қазандық дайындық жұмыстарынан өткен.

Автономды қазандықтардың тұрақты жұмысы үшін 1,3 млн тоннадан астам көмір, 9,3 мың тонна мазут және 54 мың тонна дизель отынын дайындау қажет. Қазір қажетті көмірдің 50 пайызға жуығы, мазуттың 98 және дизель отынының 50 пайызы дайын.

Биыл 163 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен 92,5 млрд теңге қаралған. Оның ішінде нысаналы трансферттер есебінен 109 шақырым жылу желілерін жаңғыртуға 68,6 млрд теңге бөлінсе, Үкімет резервінен 54 шақырым жылу желілерін жаңартуға 24 млрд теңге бөлінген.

ЖАЛҒАСЫ 2-БЕТТЕ.

Түйткіл



Жол апаты азаймай тұр

Соңғы уақытта өңірде көлік санының күрт өсуіне байланысты жол апаты жиілеп кетті. Салдарынан қаншама азамат жапа шегіп, тіпті адам өлімі тіркелуде. Әсіресе республикалық маңыдағы «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автожолында көлік апаты азаймай тұр. Күрежолдың облыс аумағы аралығында жыл басынан бері 40-тан аса жайсыз оқиға тіркелген. Тас жолдағы қақтығыстан 49 жолаушы түрлі дене жарақатын алып, 17 адам көз жұмған.

Көлік апаттарына көп жағдайда жүргізушілердің жылдамдықты шамадан тыс асыруы басты себеп. Сондай-ақ қараусыз жүрген үй жануарларының жол бойына шығуы да жағдайды ушықтырып отыр. Жуырда Қазалыдан облыс орталығына бет алған «Toyota samru» автокөлігі Жалағаш ауданы Аққұм ауылының тұсында жылқы қағып, жол апатына ұшырады. Абырой болғанда, адамдар аман. Жолаушыларға алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Ал иесіз жүрген малдың сырғасы жоқ болып шықты. Жапырылған көліктің жүргізушісі құқық қорғау органдарына арыз түсірді.

Өкінішке орай биыл жол апаттары 21 пайызға өсіп тұр. Әсіресе ауылдық елді мекендердің тұсында көліктердің мал қағу жағдайы жиілеп кетті. Көбіне күн уясына бағып, кеш қарайған уақытта жүргізушілер жолға шыққан малды байқамай қалады. Бұл бағытта «ҚАЖсервис» компаниясы қызметкерлері мен полиция өкілдері бірлесіп, ауыл-ауылды аралап, көпшілікке түсіндірме жұмыстарын ұдайы жүргізіп келеді. Ең бірінші кезекте малын ауыл сыртына жаятын тұрғындарға үй жануарларына арнайы жарыққайтарғыш алқалар тағуын талап етіп жатырмыз, – деді «ҚАЖсервис» ЖШС облыстық филиалының бас инженері Нүркен Манап.

Көліктің қатысуымен орын алатын оқиғалардың алдын алу мақсатында жергілікті билік тарапынан түрлі шаралар атқарылуда. Мәселен, апта басында ауданға облыстық ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы, полиция полковнигі Ермаулет Жаукеев іс-сапармен келіп, кездесу өткізді. Кездесу барысында ауыл әкімдерімен, аудандық ветеринариялық станциясы және аудандық ветеринария инспекциясымен бірлесіп, ішкі тас жолдарда және «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күрежолындағы үй жануарларының жолға шығу салдарынан орын алып отырған жол көлік оқиғаларын болдырмау және алдын алу мақсатында пада, кезекшілік ұйымдастыру жөнінде, жарық шағылдырғыш бояу жаққызу немесе шағылыстырғыш мойындықтар тағу мәселелері талқыланды.

Жол көлік оқиғаларын талқылау барысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» күрежолындағы ауданға қарасты Аққұм, Еңбек, Бұқарбай Батыр, Таң елді мекені тұсына жолдың бойында үй жануарларының бей-берекет жүріп, жолға шығуының алдын алу үшін оларды арнайы қораларға қамап, уақытша ұстау үшін мал ұстайтын арнайы қораларды салу ұсынылды. Сонымен қатар жиын барысында маусым айынан бастап отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа байланысты жаңа заң нормалары жиын барысында талқыланып, түсіндірме жүргізіп, осы заңдағы өзгерістерді аудан көлемінде үгіт-насихат жұмыстарын кеңінен жүргізілетін болды.

ЖАЛҒАСЫ 3-БЕТТЕ.

Жылу маусымында жұрт жаурамасын десек...

17 млн тонна көмір жеткізілген

Көлік министрі Марат Қарабаевтың айтуынша, елімізде биыл 1 мамырдан 15 тамызға дейін теміржол көлігімен 17 млн тонна көмір тасымалданған. Оның 1 млн тоннасы коммуналды-тұрмыстық секторға, 16 млн тонна энергетикалық кәсіпорындарға жеткізілген.

– Орташа ай сайынғы көмір тиеу көлемі – 5,5 млн тонна. Бүгінде энергетикалық кәсіпорындардағы көмір қорының көлемі 3,7 млн тоннаға тең. Коммуналды-тұрмыстық секторды қамтамасыз етуге де ерекше көңіл бөлінуде. Жылу маусымының 3 айында нақты тасымалдау көрсеткіштері жоспардан 8 пайыздан артық орындалды, – деді Марат Қарабаев.

Қазіргі уақытта тасымалдауға 20 мыңнан астам ашық вагон жұмылдырылған, оның ішінде 11 мың коммуналды-тұрмыстық көмірді тасымалдауға, 9 мың энергетика саласына арналған. Сонымен қатар 3 мыңға дейін жеке операторлар вагондарын қолдануға мүмкіндік бар. Жеткілікті локомотив паркi дайындалған. Ұлттық оператор локомотивтерінің жалпы саны 1,8 мың бірлікті құрайды.

– Жылжымалы құрамның жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында тұрақты түрде жаңарту жұмыстары жүргізілуде, оның ішінде биыл 185 локомотив сатып алынды. Жалпы жұмылдырылған жылжымалы құрам қажетті көлемді тасымалдауға толығымен жеткілікті, – дейді Көлік министрі.

Жылу көздері мен желілерін жаңғыртуға 12 млрд теңге қаралған

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен мәжіліс өтті. Ол алдағы жылу маусымына дайындық мәселелерін қарап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар берді.

– Жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының дер кезінде жүргізілуі өте маңызды. Үкімет барынша қолдау көрсетіп, сұратылған қаржыны бөлді. Биыл жылу көздері мен желілерін жаңғыртуға республикалық және жергілікті бюджеттен 12 млрд теңге қаржы бағытталды. Оны тиімді игеріп, жұмысты уақытылы, сапалы жүргізу қажет. Алдағы жылу беру маусымында ешқандай мәселе туындамауы тиіс. Биыл 11 әлеуметтік нысанның қазандықтарын газға ауыстыруға 410 млн теңге бөлінді. Мамыр айында 9 нысанның қазандығына 303 млн теңге беріл-



ген болатын, – деді облыс әкімі. Айта кетейік, жергілікті бюджет есебінен 2 газотурбиналық қондырғының генераторы мен 11 қазандыққа күрделі, 1 турбина мен 15 қазандыққа ағымдағы жөндеу жүргізілуде. Жұмыс 80 пайызға орындалды.

Жаңғыртудан өтетін 9,5 шақырым жылу желісінің 4,2 шақырымы жүргізіліп, жұмыстың 44 пайызы бітті, 741 шақырым электр желісі мен 127 қосалқы станцияға күрделі жөндеу, 45 шақырым электр желісі мен 48 трансформаторға ағымдағы жөндеу жүргізілуде.

Облыстағы 1067 әлеуметтік нысаналдағы маусымға қазір 85 пайыз дайын. 2024-2025 жылғы жылу маусымына 193 мың тонна, оның ішінде тұрғындарға 165 мың тонна, әлеуметтік нысандар үшін 28 мың тонна көмір керек. Қазір көмір қоймаларында 32 мың тонна қор бар.

Жалағаш жылу маусымына дайын ба?

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте жылу беру маусымына дайындық барысы нақтыланды. Ол жылу беру маусымында қатты отын тапшылығын

болдырмау мақсатында қазірден бастап тұрғындар сұранысына сәйкес уақытылы және сапалы құрамда қатты отынмен қамтамасыз ету жұмыстарын қолға алу қажеттігін айтты.

Ауданда жылытылатын 100 әлеуметтік, бюджеттік нысан бар. Әлеуметтік нысандардың саны – 81, мемлекеттік мекемелер – 19. Әлеуметтік нысандардың 28-і сұйық отынмен, 37-сі қатты отынмен, 14-і газ отынмен, 2-еуі электр қуатымен жылытылады.

Былыр бастау алған Ақсу, М.Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары биыл қарқынды жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 1,3 млрд теңге. Мәжілісте Ардақ Әбдіғалпарұлы құрылыс-монтаждау жұмыстарын қыркүйек айында жылу маусымына дейін екі елді мекеннің газдандыру жұмыстарын уақытылы аяқтауды ескертті.

Қос елді мекенді газдандыру жұмыстарын жүргізуге сәйкес, аудан бойынша 2024-2025 жылдардағы жылу маусымына қатты отын қажеттілігі 11900 тоннаны құрады. Оның ішінде аудан тұрғындары үшін 9000, коммуналдық тұрмыстық секторға 2900 тонна қатты отын жеткізу жоспарланып отыр.

Көгілдір отынның игілігін көретін елді мекендердегі тұрғындарға газдандыру жұмыстарына қажетті жабдықтарды толық үйлестіріп, көгілдір отын мәселесін түбегейлі шешуде газ пештерін орнату жұмыстан түсіндіру тапсырылды. Аталған жобалар жүзеге асырылғаннан кейін аудан тұрғындарының 57,8 пайызы газбен қамтылады.

Ауылдың әлеуетін көтеру бағытында 2025 жылы Қаракөктем, Далдабай және Бұқарбай батыр елді мекендерін газдандыруға жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сонымен қатар Жалағаш кентіндегі №123, №246 орта мектептерін табиғи газға ауыстыру жұмыстарына облыстық бюджеттен 42,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ биыл аудандық бюджет есебінен 2 әлеуметтік нысан газға қосылады. Жылу беру маусымына дайындық барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қатаң ескерілді. Ауданда төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша жауапты басшыларға тиісті тапсырмалар берілді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

БАСЫЛ-БЕТТЕ

Акция



Бар жақсылық балаларға

«Аманат» партиясының бастамасымен еліміздің барлық өңірінде «Бақытты отбасы» партиялық жобасы жүзеге асырылуда. Сондай-ақ «Баланы мектепке даярлайық!» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өткізілуде. Акцияның басты мақсаты көпбалалы және аз қамтылған отбасы балаларының жаңа оқу жылына дайындығына жәрдемдесу болып табылады.

Осы орайда апта басында партияның аудандық филиалының «Дарын» бастауыш партия ұйымының ұйымдастыруымен аудандық оқушылар үйінде «Баланы мектепке даярлайық!» жалпы республикалық қайырымдылық акциясы өтті. Акцияға аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева, «Дарын» бастауыш партия ұйымының төрағасы Талғат Садықов қатысты.

Шарада өнер мектебінің оқушылары концерттік бағдарлама ұйымдастырып, өз өнерлерін көрсетіп, акцияға қатысушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Шарада бастауыш партия ұйымдарын қаржыландыруға бөлінген нысаналы трансферттер есебінен 29 оқушы көнсе тауарлары салынған сөмкелермен қамтылды. Мұнан бөлек аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясы фракциясының мүшесі, аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымовтың демеушілігімен 10 балаға жәрдем берілді.

– Бар жақсылықты бірінші кезекте балаларға жасаған дұрыс. Олар – елдің өртенгі болашағы. Сондықтан балалардың еш кедергісіз білім алуына жалғыз ата-анасы емес, баршамыз жауаптымыз деп есептеймін. Бүгін шама-шарқымызша балаларға жақсылық жасадық. Олар еш кедергісіз сапалы білім алуы тиіс. Сонда ғана бәсекеге қабілетті ұрпақ болып қалыптасады. Ал елдің жарқын болашағында ондай азаматтардың болуы үлкен маңызға ие, – деді Қайрат Досымов.

«ЖЖ» ақпарат

Кеңес

Халықтың 45,1 пайызы «көгілдір отын» тұтынады

Жалағашта осыған дейін 14 561 шаршы метрді құрайтын 90 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 4,3 пайызға артық. Сонымен қатар елді мекендердегі учаскелік полиция инспекторларын тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін биыл аудандық бюджеттен 10,2 млн теңге бөлініп, 2 тұрғын үй сатып алынған, тағы 1 үйді сатып алу жұмыстары жүргізілуде. Мұнан бөлек кенттегі көпкөптері 2 тұрғын үйге 5,8 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Аудандық мәслихаттағы «Аманат» партиясының депутаттық фракция отырысында аудан әкімінің орынбасары Әліби Байнахатов осылай деді.



Құрылыс қарқын алған

Спикер «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында биыл 28 маманға 238,1 млн теңге тұрғын үй несие берілетінін айтады. Ал Ұлттық қордан халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына 100 тұрғын үй сатып алуға 1 484,6 млн теңге қаралған. Қазіргі таңда жеке кәсіпкерлер арқылы аудан орталығынан баспана құрылысы басталып кетті.

Әліби Қодарұлы ауылдық жерлерде де құрылыс қарқын алғанын айтады. Мәселен, аудандық бюджеттен 29,9 млн теңгеге Жалағаш кентінде және Ақсу, Жаңатаалап, Мәдениет елді мекендерінде бала-

лар ойын алаңын салу және ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Жол сапасы жақсарған

Ауданда автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 240,9 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы – республикалық, 60,6 шақырымы – облыстық, 130,3 шақырымы – аудандық маңызы бар автомобиль жолдары. Аудандық маңыздағы автомобиль жолдарының 87,3 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Сонымен қатар ауданда 239,4 шақырымды құрайтын 222 көше бар.

Әліби Байнахатов биыл республикалық және облыстық бюджеттен

қаралған 1,8 млрд теңгеге 5 жоба жүзеге асып жатқанын жасырмады. Тарқатсақ, тиісті қаражатқа «Самара-Шымкент-Жосалы-Жалағаш-М.Шәменов» аудандық маңыздағы автомобиль жолы күрделі жөндеуден өтуде. Сондай-ақ Бұқарбай батыр ауылының 11 көшесінің құрылысы жалғасуда. Ал Аққұмдағы 10 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары да аяқталуға жақын. Шалғайдағы Есет батыр ауылындағы 5 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары да қарқынды жүруде. Мұнан бөлек Таң ауылындағы 10 екі пәтерлік тұрғын үйге көше жарығы бар автомобиль жолын салуға 105,7 млн теңге қаралған.

– Қазіргі таңда елді мекендерге бағытталған негізгі күрежолдардың барлығына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген. Ел Президентінің, Үкімет басшысының және облыс әкімінің қолдауымен ауданаралық жолдардың мәселелері толық шешімін тапты. Сонымен қатар аудандық маңызы бар жолдар мен елді мекендердің ішкі жолдарын жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесін көтеру мақсатында республикалық және облыстық бюджеттерден қаржыландыру үшін жалпы құны 1,8 млрд теңгені құрайтын 7 жобаның құжаттары облыстық салалық басқармаға ұсынылды. Бұл мәселелер де алдағы уақытта бюджеттің мүмкіндігіне қарай кезең-кезеңімен шешімін табады, – деді Әліби Қодарұлы.

100 пайыз ауызсумен қамтылған

Спикер халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз ету күн тәртібінен



Қос ауылдың халқы газ тұтынады

Бүгінде жалағаштықтардың 45,1 пайызы көгілдір отынның игілігін көріп отыр. Былыр бастау алған Ақсу, Мөрәлі Шәменов елді мекендерін газдандыру жұмыстары қазіргі таңда қарқынды жүргізілуде. Бұл мақсатқа Ұлттық қордан 200 млн, облыс тайқазанынан 1 009 млн теңге қаралған. Қос жобаның жалпы құны 1,3 млрд теңгені құрайды. Бүгінде мердігер мекеме құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізуде. Әліби Байнахатов қыркүйек айында газ құрылысы аяқталып, алдағы жылу

маусымында қос ауылдың халқы газ тұтынатынын жеткізді. Бұл жобалар жүзеге асса, аудан тұрғындарының 57,8 пайызы газбен қамтылады. Аудан әкімінің орынбасары елді мекендерді газдандыру жұмыстары мұнымен шектелмейтінін жеткізді.

– Қаракөктем, Далдабай және Бұқарбай батыр елді мекендерін газдандыруға жоба-сметалық құжаттама әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Сонымен қатар Жалағаш кентіндегі №123, №246 орта мектептерін табиғи газға ауыстыру жұмыстарына облыстық бюджеттен 42,5 млн теңге бөлінді. Қазіргі таңда құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ биыл аудандық бюджеттен 2 әлеуметтік нысан газға қосылады. Былыр 6 әлеуметтік нысан көгілдір отынға ауысқан.

Электр желілері жаңғыртылуда

Ауданда электр желілерінің жалпы ұзындығы – 457,5 шақырым. Электр жүйелерінің орташа тозу дең-

гейі 45,2 пайызды құрайды. Биыл Мырзабай ахуң, Темірбек Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына ел қазынасынан 922 млн теңге бөлініп, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Әліби Қодарұлы жыл аяғына дейін аталған елді мекендер халқы оның игілігін көретінін жеткізді.

Аталған жобалар толық іске қосылғанда аудан бойынша электр жүйесінің тозу деңгейі 32,5 пайызға төмендейді. Былыр «Ақтөрек» учаскесінен подстанция құрылысын салуға жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтті. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасына бюджеттік өтінім ұсынылды. Жоба құны – 1065,5 млн теңге.

Жеті айда атқарылған жұмыстарды саралаған Әліби Байнахатов халық қалаулыларының да бірқатар сауалын жауапсыз қалдырмады. Сондай-ақ ол елдің талап-тілегінен туындаған мәселелер де алдағы уақытта шешімін табатынын тілге тиек етті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Еңбек Ері



Туған жеріне ту тіккен

Елі Еріден мақтанады

Біз еңбек, өнер адамдары жайлы әңгіме қозғала қалса, тұлға, азамат деген сөзді бабына бармай орынды-орынсыз қолдана салатын сияқтымыз. Әлде бұл тұлға деген мәртебелі ұғымның күнделікті жұмыс барысында жиі қолданылатын жеке тұлға, заңды тұлға деген сөздермен мәндес баламаның бірі деп ұғынуымыздан болар. Қалай десек те бұл екі сөздің адамдардың ерекше қасиеті мен елге жасаған еңбектеріне қарап айтылатыны ақиқат. Бала кезімізде үлкендер жағы қайырымы мол, маңайына сөзге түсіріп тұратын ізгі адамдарды «Елге тұлға, іске тұтқа болатын азамат» деп мақтап отыратын еді. Десек те азамат сөзінің еш баламасы жоқ, ауқымы кең, астары терең. Менің ойымша, сермелер семсерден сексенбей, берген серттен айнымайтын бір сөзді, мәрт мінез, елге сіңірген еңбегі арқылы жұрттың жүрегіне берік ұялап қалған жандар нағыз азамат болса керек. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Саналы ғұмырын салықала іске арнаған, бір басына атақ, абыройы жетіп артылатын азамат деген атаққа лайық атымтай жомарт жандар ауданымызда да баршылық. Солардың бірі де бірегейі «Таң ЛТД» шаруашылығының төрағасы, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевты аудан халқы жақсы біледі.

«Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» демекші, елі де ерінің қасиет-қадіріне көзжұма қарай алмаса керек. Ері арқылы елі, елі арқылы ері мақтанса, зор абырой емес пе!

Мен кез келген адамның қарапайым еңбекжолын күресіңіз көз алдыма елестете алмаймын. Күрес деген сөздің ұғымы кең. Ол – біреуді алып жығу, жаға жартысы емес, ұлы мақсат жолындағы табанды іс-әрекет арқылы қандай кедергілер мен қиындықтар кездессе де алған бағытынан таймай нәтижеге жету, әр жүрекке жылу, от сыйлап, туған жерін түлетіп, халқының туын жоғары ұстау. Имамзада Қуанышбайұлы да арман-тілегі ел мұраты жолындағы күрес үшін жаралған азамат екенін аудан жұрты жақсы біледі. Бейтән ол қай жерде қызмет істесе де тыңнан түре салып, туған жерін түлетіп және аграрлы саланы өрлеуіне-өркендеуіне білек сыбана кірісіп, күш жігерін жұмсап келеді.

Дана халқымыз «Жасы кіші демеңші, ақылы асса аға тұт, жүйрікті де жүйрік бар, қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар, азаматы бір бөлек» дегенді Имамзада секілді көргенді, көш бастап, елжұртын берекелі бөлестерге көтере алатын азаматқа қарата айтқан ғой.

«Ауылға қарап азаматтың таны» дейді халқымыз. Жұырда Таңға халқымыз түсіп, ауыл көркін көріп, көңілім толды. Ауыл ішіндегі асфальт жолдар айнадай жарқырап жатыр. Әр көшеге аяқсу келтіріліп, көшеттер, гүлзарлар егілген. Жаңадан салынған тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар көп. Күрші зауыттары, ет өңдеу цехы секілді кәсіпорндар нысандар жұмыс істеп тұр. Жасыл-көк жерлерді көшелер мен сарбақтарын көріп, көз сүйсінеді.

Бұған дейін 1300 тұрғыны бар Таңда 14 көше жөндеуден өтті. Ауыз су, аяқсу мәселесі толық шешімін тапқан. «Таң ЛТД» ЖШС-ның қолдауымен 90 миллион теңгеге көшелерді түнгі жарықтандыру жұмыстары жасалып, 80 миллион теңгеге «Тағазым» алаңы салынған. Жаңақоныс елді мекендерді баалар ойын алаңы ағымдағы жөндеуден өтіп жатыр. Сондай-ақ 200 миллион теңгеге спорт көшенің құрылысы да жүргізілуде. Жалпы ауылдағы жобалардың басым бөлігі Еңбек Ерінің демеушілігімен жүзеге асты десе де болады.

Кәсіпкер осыған дейін жалпы құны 400 млн теңгеге құрайтын үлкен 2 күрші зауытын іске қосқан. Қазіргі таңда өндіріс орнында 30 адам тұрақты жұмыс жасайды. Тәулігіне 200 тонна құрыш ақтайтын цех цехта күршісі егуден бастап, сатуға дейінгі жұмыстар бір ізге түскен. Былтыр іскер азамат Ресей, Ираң, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттеріне 2 мың тонна құрыш экспорттаса, был 5 мың тонна өнімді шет мемлекеттерге сатуды көздеп отыр.

Мұнан бөлек Еңбек Ері 2018 жылы жалпы құны 150 млн теңгеге құрайтын ет өңдеу цехын салып, бүгінде жартылай дамын өнімдерді әзірлеуде. Қазіргі өндіріс ошағы тәулігіне 1 тонна консервіленген ет шығарады.

Ол тапқанын «тек өзіме болсын» дейтіндердің сурпынан емес. Қай жерде кәсіпін бастаса, сол елдің халқының әлеуметтік жағдайы оны бейжай қалдырмады. Туған жерін түлету мақсатында да ауылдың ішкі жобаларды қолға алып, елдің игілігіне жұмыс жасады. Осыған дейін Таң ауылдық округіне жалпы құны 1 млрд 56 млн теңге, Ақжар ауылына 100 млн теңге демеушілік етті.

Іскер азамат туған жерінде жалпы құны 300 млн теңгеге 120 орындық «Таң бөбегі» балабақшасын салып берді. Қазіргі таңда онда 21 адам жұмыспен қамтылған 56 млн теңгеге спорт көшенін ашып, 16 адамның тұрақты жұмыспен қамтылуына қолғабыс етті. Ертен аядай

ауылдағы шағын көшенен байрағымызды биіктен желбіретіп, Әнұранымызды әлемдік додаларда шығаратын жастардың шықпасына кім кепіл Міне, осы ретте оның тек ауылдың әлеуетіне ғана емес, жастардың да болашағына алаңдайтын азамат екенін аңғару қиын емес.

Мұнан бөлек кәсіпкер 70 млн теңгеге Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ардагерлерге арналған ескерткіш орнатты. 2021 жылы ауыл үшін абадтандыру мақсатында 130 млн теңгеге үлкен М-32 трассасы мен ауыл ортасындағы жол бойына жарық шамдарын орнатып, көшенің қос бетіне қорша жұмыстарын жүргізді.

Шаруашылық еңбеккерлерін ынталандыру және өнімділігін арттыру мақсатында 2011 жылдан бері жыл сайын үздік нәтиже көрсеткен дикандар мен механизаторларға 6 жеңіл автокөлік, 300 млн теңге қаржылай сыйақы беруді дәстүрге айналдырған. Енді Еңбек Ері биыл аудандағы әлеуметтік аз қамтылған 10 отбасына тұрғын үй салып беруді жоспарлап отыр. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары басталып кетті.

Өткен жылы Таң ауылының дамуына тағы бір серпін болған жарқын жобаның бірі – дәрігерлік амбулаторияның пайдалануға берілуі. Ауыл халқының игілігіне қызмет ететін медициналық нысан «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы 140 млн теңгеге салынған. Жаңа нысанда 12 дәрігер, 10 орта бөлім, 2 кіші буын қызметкер ауыл тұрғындарына сапалы медициналық қызмет көрсетеді.

Ауылдағы №118 орта мектеп ұжымы да бала бойына білім дарытуда, Бәсекесіздік қабілетті тұлға қалыптастыруда бар білім-біліктімен аямай қызмет етуде. 1981 жылы пайдалануға берілген 624 орындық білім ошағы жуырда күрделі жөндеуден өткен. Сондай-ақ елді мекеннің ұсақ елді полиция инспекторы тұрғын үймен қамтамасыз етілген.

Таңда әлеуетін көтеру мақсатында кәсіпкер айналысамын дегендерге жан-жақты қолдау көрсетіледі. Жалпы жергілікті тұрғындар кәсіп ашуға мемлекет жасап жатқан барлық мүмкіндікті тиімді пайдаланып отыр. Кәсіпкерлік салысына серпін беруге бағытталған қандай бағдарлама болса, басым бөлігіне осы ауыл тұрғындары құжат тапсырып, шаруасын ширатуда. Бүгінде елді мекенде 151 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 147-сі тұрақты жұмыс жасап тұр. Мәселен, ауыл тұрғындары Дәурен Құдабаев «Ауыл аманаты» жобасы арқылы 17 млн теңге пайызсыз үстемәксісі төмендетілген несиеге қол жеткізіп, бүгінде қап шығаратын цехты іске қосты.

Осы орайда өткен жылы қаланы абадтандыру, елді мекендерді дамыту, оның ішінде ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту, оларға жайлы орта жасау бағытындағы жұмыстарды ынталандыру, бағалау мақсатында аймақта алғаш рет «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсы жарияланған болатын. Былтыр сол конкурста «Үлгілі ауыл» номинациясы бойынша Таң ауылы екінші орынды еншілеп, жер қазатын трактор тіркемесімен сыйға алды.

– Шіркін, кіндік қаның тамған туған жерің алтын бесік ауыл осылай абадтанып, жұмыс орындары ашылып, тұрғындарға жағдай жасалып жатса, ауылдан халық көшер ме еді. Алайда ауылдан адам көшкеннен адамнан ауыл көшпейтіні анық. Ел игілігіне жасалып жатқан жарқын істер одан ері жалғасына таба беретіні сөзсіз. Ең бастысы, ауыл халқы төр төгіп, туған жерін түлетіп жатқан төл перзенті абзал азаматымыз, Еңбек Ерімен мақтанады. Таңның тарихында бірінші Еңбек Ері шығып отыр. Бұл атақ оңайлықпен келген жоқ, Имамзаданың қажырлы еңбегінің арқасында осындай

үлкен жетістікке жетіп отырмыз. Біз тұтас ауыл болып Имамзаданы 20 жыл бұрын төраға етіп сайлаған едік. Халықтың таңдаудан жаңылмағанына тағы бір мәрте көзіміз жетіп отыр. Осына ұяқта ол барлық қиындықты өңеріп, ауылдың гүлденуіне, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруына жұмыс жасады. Бұл атақ елімізде үш адамға берілген екен, сонан бірін біздің жерлесіміз иеленіп отыр. Бұл Имамзадаға лайық, оған Таңда қандай жобаларды қолға алғанын көрген адам күмен келтірмейді. Бүгінгі ауылдағы шыққан Еңбек Ерінің алдығы жұмыстарына табыс тілейміз, – дейді ауыл ақсақалы Болат Жәнібеков.

«Таң ЛТД» шаруа қожалығы бірнеше жылдан бері ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру және өңдеумен айналысады. Шаруашылықтың жалпы егістік көлемі – 5236 гектар. Оның ішінде Сырдың басты дақылы күрші – 3000 гектар. Мұнан бөлек 1480 гектар жоңықшасы тағы бар. Шаруашылық биыл егісті әртарапандырып, 74 гектарға жүгері, 82 гектарға мақсары, 20 гектарға бақша салған. Ал қалған 580 гектары – жайылымдық жер. Шаруашылықтағы төрт түлік саны 600-ге жуықтаған. Іскер азамат бүгінде шаруасын ширатып, 400-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның 225-і – Таң ауылының тұрғыны.

2011 жылдан бастап шаруашылықтың техника парк түгел жаңартылған. Серіктестік жалпы құны 1,8 млрд теңгеге құрайтын 6 күрші оратын және 13 күршілік жертегістік, 6 экскаватор, 2 погрузчик, 1 автогрейдермен қамтылған. 2012 жылы бейнәсіп құрайтын жаңа технологияларды пайдалана отырып, тамшылатып суару әдісімен қартоптың «Gala» сортын өкті. 2019 жылы «тұқымшаруашылығы» статусын алып, қазіргі таңда аудан шаруашылықтарының 1 репродукциялы «лидер» сортынмен қамтамасыз етуде. Сапалы тұқым дайындау үшін 82 млн теңге тұқым тазалау қондырғысы алынды.

Атам қазақ «Өткен күнінде белгі жоқ» деген философиялық тұжырымда-масының рас екеніне күннен-күнге көзіміз жетіп келеді. Шындығында, адамның «қамшының сабындай қысқа ғұмыры» қас қағым сәт секілді көрінеді екен. Кәсіпкердің өмірі дегені қысқа да нұсқа. 1969 жылы 25 тамызда Таң ауылында дүниеге келген. Ол №118 орта мектепті оқып бітірген соң елі жыл Кеңес әскері қатарында қызмет етті. Жамбыл гидромелиорация құрылыс институтының филиалына оқуға түсіп, Инженер-механик мамандығын алып шыққан. Бұдан кейін Таң совхозында механик, Жалағаш аудандық «Асар» ассоциациясында инженер-механик, Таң ауылдық округінің әкімі қызметтерін атқарса, 2003 жылдан бастап «Таң ЛТД» ЖШС директоры. Қызылорда облыстық мемлихатының VI-VII шақырымдарының депутаты. Аманат» партиясының мүшесі. Қазақстанның Еңбек Ері.

«Жақсы әйел – теңі жоқ жолдас, түбі жоқ сырлас» дегендей әулеттің құт қонған келіні, жұбайы Рәзия адал жер, ақылшыл, сырласы, жолдас бола білді. Қарашанырағына қашан барсаң да есігі ашық, дастархан мәзірі дайын. Ерлі-зайыпты екеуінің бір-біріне деген сүйіспеншілігі, әуел бастан қалыптасқан тау-төтті сыйластығы жалғасып келеді. Әйел ананың өншісіне берілген ең үлкен бақыт – өмірге сәби әкеліп, өзінің аналық міндетін орындау. Шүкір, дүниеге 3 бала әкеліп, тәрбиелеп ер жеткізді, келін түсіріп, немере сүйді.

Айта кетуі керек, былтыл мерекелі жылы ел мақтаншына айналған Еңбек Ері 55-ке толып отыр.

Қайырылымдылық – қайырылы іс

Исламда «садақа жария» деген ұғым бар. Қоғамның халықтың игілігі үшін жасалған сауапты істерді «садақа жария» дейді. Мешіт, медресе, аурухана тұрғызу, көше, көпір салу, ауыз су жоқ ауылдарға су тартып, құдық қаздыру міне, бұлар – халықтың игілігі үшін жасалған сауапты істер. Сауапты көктен іздеудің қажеті жоқ. Қамқөніл жанға көмек қолын созу ол да қайырылы іс екені анық. Бірде пайғамбарымыз Мұхаммедтен (оған Алланың сауапаты мен сәлемі болсын) бір кісі: «Уа, Алланың елшісі, ең жақсы адам кімі?» – деп сұрайды. Сонда ол: «Ең жақсы адам – қоғамға, елге пайдасы тиіген пенде» – деп жауап берген екен. Отбасымыздан бастап, көрші-қолаң, ағайын-туыстарға, жалпы жұртқа шарапатымызды шашып, қайырымдылығымызды көрсету – мұсылмандық ері азаматтық борышымыз. Міне, осындай қайырымды істер атқарып жүрген жомарт жандардың қатарында «Таң ЛТД» ЖШС-ның төрағасы Имамзада Шағыртаевтың есімін ерекше құрметпен айтар едім.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» жаманның жамандығын айт құты қашсын» деген халқымыздың даналық сөзі бар. Бұны айттып отырған себебім, кәсіпкер И.Шағыртаев Мырзабай Ахун мешітін жыл сайын көмек беріп, қолдау көрсетіп келеді. Үлкен асфальт жолдан мешітке баратын орта жолда ескі көпір жаңадан салынды. Сөйтіп мешітке келетін әулеткерлердің арықтан қиналмай өтуіне жағдай жасалды. Мешітке дейін 500 метр жолдың екі шетіне екі мыңға жуық түп ағаш көшеті отырғызылған еді. Қазіргі кезде сол саялы ағаштар есіп жалау-желекке бөлеп, жолға сөн беріп тұр. Бірі дертіне шипа, енді бірі перзент сұрап Аллага жалбырынып мешітке зиярат етіп келушілер көп. Солардың көпшілігі тілеуіне үйіне жатып түнеп қалады. Олардың сұрауы бойынша мешітке Мырзабай ахун бабамыздың ағартушылық, емшілік қызметі, көріп-көріп өмірлік жайында естіген әңгімелерін айтып беруді. Мешітке барып, таныстырып аруақтарға құран бағыштайды. Бірақ үйде жарық болмаған соң оларға қызмет көрсетіп, жағдай жасау қиыншылық келтіруші еді. Өткен жылы кәсіпкердің қаржылай көмегімен бұл мәселе де шешімін тапты. Тілеуіне үйіне күннен қуат алатын станция орнатып берді. Қазір бұл үйде жарық жапыл тұр. Мешітке келіп зиярат етіп, тілеуіне үйінде жатқан кісілерге уағыз айттып, өңіме дүкен құруға, телдідар көруге барлық мүмкіндік бар. Сонымен қатар шаруашылық жұмыстарын дегенелі, игілікті істерге ұйытқы болып жүрген И.Шағыртаев өзінің туып өскен жерін де түлетуге атсалысып келеді. Бүгінде келбеті өзгеріп, есіп-өркендеген туған жері Таң ауылын аймағымыздағы ең үлгілі ауыл қатарына жатқыза болады.

Өрбіріп азамат қолынан келгенге көмегін көрсетіп, дәл осындай елге қызмет етсе, қоғам дамып, келешек жарқын болар еді. Еңбек ер атандырады. Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың атақ-абыройы бір басына жетіп артылатынын айттық. Қазаққа «Алтын алма, алғыс ал жаңбырмен жер көгерер, батамен ер көгерер» деген қанатты сөз бар. Имамзада – жүрегі елім, жерім деп соғып, қалтқысыз қызмет етіп, халқының құрметі мен алғысына бөленген азамат.

Кезінде елге білігін жүргізген Сырман батырға көңілі толмаған игі жақсылары бір жылында: – Қарадан қалай хан болады? Аруанадан қалай нар болады? Жоқтан қалай бар болады? – деп сұрапты. Сонда Сырман батыр: – Қарадан хан болсам, халықтың қолдағаны шығар. Аруанадан нар болсам, ата-бабамның жарағаны шығар. Жоқтан бар болса, Құдайдың қалағаны шығар, – деп жауап беріпті. Сол айтқандай, Имамзада – Алланың қалауымен адал еңбегімен халқының қолдауына ие болған абыройлы азамат. Бақ ынтымаққа жолығай, дәулет-бірлікпен толығай. Бақ қонып, құт-береке дарыған, абырой асқарындағы азаматтың ел игілігі жолындағы ізгі жобалары өлі де жалғаса берері анық.

Серік БЕРТАЕВ, ардагер журналист

Қорған Кәсіпкер ҚҰҚЫҒЫ ҚОРҒАЛДЫ



Қызылорда облысы Жалағаш ауданының прокуратурасы Мемлекеттік кірістер басқармасының қызметкерлерімен заңсыз тақырыптық тексеру жүргізу фактісін анықтады. Басқарманың бөлім басшысы мен маманы тексеру жүргізу туралы нұсқамада көрсетілмеген мекен-жайда орналасқан азық-түлік дүкенінде тақырыптық тексеру жүргізген. Нәтижесінде тексеру бойынша акт жасалып, дүкен иесіне ҚР ӘҚБТК-нің 463-бабының 1-бөлігі бойынша 64 610 теңге көлемінде айыппұл салынды.

Осылайша басқарма қызметкерлері тексеру жүргізу негізсіз және тексеру тағайындау актісі заңсыз тексеру шарасын жүргізіп, кәсіпкердің құқықтарын бұзған.

Айта кетуі керек, тексеру жүргізу негізі және тексеру тағайындау актісі болмай тексеруді жүргізу Кәсіпкерлік кодексінің талаптарын ерескел бұзу болып табылады және мұндай тексеруді жарамсыз деп тануға өкеледі.

Осыған байланысты прокуратураның ұсынуы бойынша тексеру актісі жарамсыз деп танылды. Аудан прокурорының қаулысымен кінәлі қызметкерлерге қатысты Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 175-бабының 1-бөлігіне сәйкес әкімшілік іс қозғалып, аудандық соттың қаулыларымен олардың өрқайсысына 51 688 теңге көлемінде айыппұл салумен әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Жалағаш ауданының прокуратурасы

Жол апаты азаймай тұр



Аудан әкімі Ардақ Ибраимов жауапты сала басшыларына аудан бойынша барлық мал шаруашылығымен айналысып отырған азаматтарға тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін алдымен мойнына арнайы шағылыстырғыш ленталар тағу жұмыстарын жүргізуді тапсырды. Елігіне орақ тұсу маусымы басталғандықтан түнгі мезгілде төрт түліктің жолға көп шығатынын ескертіп, ауданаралық күрежолдардың бойында кезекшіліктер ұйымдастыру қажеттігін қалғандарға салды.

Айта кетейік, ауданда жыл басынан бері 41 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Оның 23-і мал қару оқиғасы бойынша орын алған. Бүгінде жол-көлік оқиғасы салдарынан 4 адам түрлі дене жарақатын алып, 3 адам қайтыс болған. Сондай-ақ мас күйінде көлік құралын басқарған 14 адам тіркелген. Салдарынан 4-өлік жол-көлік оқиғасына ұшырап, абырой болғанда, адам шығыны болмаған.

Аудандық полиция бөлімінің әкімшілік полиция бөлім-шесінің мәліметінше, өткен жылмен салыстырғанда жол-көлік оқиғасының күрт өсуіне басты себеп кент ішінде жол белгілерінің ескіріп, сапасы сын көтермейтіндігі. Сондай-ақ бағдаршам мен жол кедергілерінің аздығы. Олардың айтуынша, бүгінде жол белгілерінің 90 пайызы ескірген.

Жол апатының жиілеуіне тағы бір себеп соңғы уақытта ауданда жасөспірімдер арасында мопед, скутер тізгін-дегендер қатары артқан. Шыны керек, мопед қазіргі жастардың сүйікті құралына айналған. Бағасы да қолжетімді. Жүрісі жеңіл келіктің бұл түріне сұраныс күннен-күнге артауда.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, елімізде жыл басынан бері мопед мінген 542 жас жол апатына ұшырап, 27 адам көз жұмған. Жарты жылда 31 мыңнан астам мопед жүргізушісі жол қауіпсіздігі ережелерін бұзған.

Апат айтып келмейді, бірақ сақтансаң, сақтайтынын да қаперден шығармаған абзал.

Жандос ЖАЗКЕН
БАСЫ 1-BETTE

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Жалағаш ауданының аумақтық сайлау комиссиясы хабарлайды.

Жалағаш ауданының сайлау комиссиясының 2024 жылғы 22 тамыздағы шешімімен 2024 жылғы 15 қыркүйекке тағайындалған сайлауда Таң ауылдық округі әкіміне төмендегі азаматтар кандидаттар болып тіркелді.

1. Ибраев Дәурен Сәбитұлы – 1990 жылы туған, қазақ, «Бұқарбай батыр ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, бас маман, Бұқарбай батыр ауылында тұрады, «Amanat» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

2. Сакиев Айдар Нұрмағанбетұлы – 1993 жылы туған, қазақ, «Жалағаш ауданы әкімінің аппараты» КММ, бас инспектор, Жалағаш кентінде тұрады, «Amanat» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

3. Сәйдәхметов Қайрат Бегимович – 1979 жылы туған, қазақ, «Таң ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ, әкім, Таң ауылында тұрады, «Amanat» партиясының мүшесі, «Amanat» партиясының аудандық филиалы ұсынған.

Паралимпиада – 2024

Берік Ізмағанбетов, спортышы:

Көк туды алып шығу үлкен жауапкершілік жүктейді

Жуырда әлем көз тіккен Франция астанасы Парижде өткен XXXIII жазғы Олимпиада ойындары аяқталды. Парижде 78 атлеттің 25 спорт түрінен сынға түсті. Төрт жылдықтың басты бәсекесінде ұлттық құрама 7 медальді қанжығасына басқан болатын. Енді міне, XVII жазғы Паралимпиада ойындары басталмақ.

Премьер-Министр Олжас Бектенов 2024 жылғы XVII жазғы Паралимпиада ойындары қарсаңында Ұлттық құрама мүшелерімен кездесті. Үкімет басшысы Паралимпиада жаттығу орталығында еліміздің спортшылары Пара ойындарының ашылу рәсімінде салтанатты түрде алып жүретін Қазақстанның мемлекеттік туын ұлттық паралимпиада құрамасына табыс етті. Жарыс 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Парижде өтеді.

– Паралимпиада – жай ғана спорт емес, адам бойындағы қайсар рух пен шексіз ерік-жігердің шынайы көрінісі. Сіздердің жеңіске деген құштарлық, бейбіт күннің батырларына тән қаһармандық қасиеттеріңіз қандай құрметке де лайық. Миллиондаған адам жаңжырылған өңбек пен өр мінезден шабыттанып, өмірдегі қиындықтарды еңсеруді үйренеді. Бүгін өздеріңізге табыс етіп отырған көк туымыз – бір-бірімізді рухымыз бен мызғымас бірлімізді, жарқын жеңістің нышаны. Мемлекет басшысы әлемнің ең басты спорт сайыстарында ел намысын қорғау мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік екенін айтты. Сіздер халықаралық аренада Қазақстанды лайықты дәрежеде танытып, елімізге жоғары нәтиже, жаңа жұлдемен оралатындарыңызға сенімдіміз, – деді Олжас Бектенов.

Елімізде паралимпиада спортын дамыту үшін қажетті инфрақұрылым жасалып, жаңа жабықталған спорт



кешендері ашылды. Мамандандырылған спорт дайындық орталығы, 15 спорт клубы, 3 мектеп және спортты дамыту дирекциясы жұмыс істейді. Қолдау бағдарламалары енгізіліп, жаттықтырушылар корпусы дайындалды.

Премьер-Министр ұлттық паралимпиада құрамасының екі ту ұстаушысы отырып ойнайтын волейболдан Азия Паралимпиада ойындарының жүлдегері. Қазақстан чемпионатының он дүркін жеңімпазы Берік Ізмағанбетовке және пара оқ ату ел чемпионының жеңімпазы Севда Алиеваға мемлекеттік туды табыс етті.

– Бүгінгі күн мен үшін ерекше маңызды. Қазақстанның көк туын осындай жоғары деңгейлі жарыстарда кө-

терү – үлкен құрмет әрі жауапкершілік. Паралимпиада ойындарына қатысу – әрбір спортшының арманы. Біз, параспортшылар, өзіміздің ерік-жігеріміз бен күш-қуатымызды паш етіп, Қазақстанның намысын биікте ұстауға барымызды саламыз. Біздің жүрегімізде елге деген махаббат, патриоттық сезім, жеңіске деген ұмтылыс бар, – деді Берік Ізмағанбетов.

Ал спортшы қызымыз Севда Алиева бұл жетістікке жету үшін ұзақ жолдан өткенін, көптеген қиындықтарды еңсергенін атап өтті. Сондай-ақ ту ұстаушыларымыз аянбай күш сынасуға, Қазақстанның еңураны мақтанышпен шырқалуы үшін қолдан келгенің бәрін жасауға уәде берді.

Айта кетейік, 2024 жылғы жазғы Паралимпиада ойындарына 44 қазақстандық спортшы қатысады. Қазақстан құрамасы спорттың 9 түрінен, атап айтқанда, пара жүзу, пара пауэрлифтинг, пара жеңіл атлетика, пара каное, пара тхэквондо, отырып ойнайтын волейбол, пара оқ ату, пара үстел теннисі және пара дзюдодан 33 лицензия алды. Жалпы 1996 жылдан бүгінге дейін қазақстандықтар жазғы Паралимпиадада 7 медаль жеңіп алды.

Ел намысын қорғайтын спортшылар қатарында Сыр өлінен Эрик Қасқабаев, Шыңғис Медеуов, Ерасыл Әдібаев, Жоланам Еламан, Станислав Шакиев бар.

Жандос ЖАЗКЕН

Қабылдау

Сала саңлақтары құрмет төрінде

Спорт – ел мерейін асырып, абыройын тасытатын сала. Ауданда салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында спорттық шаралар ұйымдастыру бір жолға қойылған. Бүгінде спортты жанына серік етіп, аудан намысын түрлі деңгейдегі жарыстарда қорғап, үлкен жетістікке жетіп жүрген саңлақтарымыз баршылық. Апта басында аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов «Спортшылар күні» мерекесі қарсаңында ауданда бұқаралық спорттың дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азаматты қабылдап, сала үздіктеріне облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарын табыстады.

Соңғы жылдары аудандағы спорт саласында айтарлықтай серпін бар. Аудандық «Наркескен» спорт клубы мен спорт мектептері, одан бөлек үйірмелер жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, саланың алға жылжуына өзіндік үлесін қосып отыр. Сөзімізге спортшыларымыздың облыстық, республикалық, халықаралық, әлемдік додаларда топ жарып, үздік нәтижеге қол жеткізіп жүргені дәлел.

Бүгінде аудан көлемінде бұқаралық спортты, ұлттық спорттық ойындарды дамыту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Аудандық деңгейде спорт және туризм бөлімі биыл 77 аудандық, облыстық, 2 республикалық жарыс өткізуді жоспарлаған. Сондай-ақ биыл ұлттық және бұқаралық спортты дамытуға жергілікті бюджеттен 156 млн теңге қаралған. Былтыр ауданда 107 спорттық материалдық-техникалық база тіркелген. Оның ішінде 1500 орындық стадион, 94 жаздық алаң бар. Кент және ауылдық округтерде 38 балалар ойын алаңы мен жасыл төсеніш алаңы бар. Кент орталығында орналасқан «Күншұақ» балабақшасы аумағындағы, Ақсу, Аламесек, Аққум, Мақпалкөл, Мәдениет, Жаңақоныс, Далабай елді мекендеріндегі алаңдардың сапасына алдағы уақытта жұмыс жасалады.

Қазіргі таңда 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен

тұрақты түрде айналысуда. Бұл жалпы тұрғындардың 39 пайызын құрайды.

Аудан спортшылары Әлемдік және Азия чемпионаттары мен облыстық жарыстарда әртүрлі деңгейдегі 376 медаль алып, жоғары жетістіктерге қол жеткізуде. Саладағы жалағаштық спортшылар 2023-2024 оқу жылында республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарында 35 алтын, 19 күміс, 34 қола, халықаралық жарыста 1 алтын медаль иеленген.

Ал Әлем және Азия чемпионаттарында ел қоржынына 8 алтын, 5 күміс, 4 қола салды. Айта кетейік, ауданда бірінші спорттық разрядты 35 спортшы бар. Мұнан бөлек 107 спорт шеберіне үміткер, 11 спорт шебері болса, 1 спортшы халықаралық дәрежедегі спорт шебері нормативін орындаған.

Бұқаралық спорт саласында аудан тұрғындарының дене шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде шұғылдануын қамтуды ұлғайту – басым бағыттардың бірі. Осы ретте кент және ауылдық округтерде жастарды спортқа баулу мақсатында спорт мектептерінде түрлі үйірмелер ашылып, тиісті жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, дене тәрбиесі, спорт және туризм саласы бойынша өткен жылдың қорытындысымен дене шынықтыру



және спортпен жүйелі түрде шұғылданушылар қатары 39 пайызға көтеріліп, 14063 адамға жетіп отыр, оның 9 пайызын нұсқаушылардың спортқа тартқан адамдары құрайды. 2023-2024 оқу жылында №14 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі, №13 олимпиадалық резервтік мамандандырылған жасөспірімдер спорт мектебі және «Наркескен» спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын 7-18 жас аралығындағы балалар мен жасөспірімдер саны 25 пайызға жетіп отыр. Ал №13, №14 спорт мектептерінде 1813 оқушы 14 спорт түрімен шұғылдана, «Наркескен» спорт клубында 1044 спортшы 8 спорт түрімен шұғылданып келеді.

Жыныс сала бойынша жауапты басшылар мен жаттықтырушылардың ұсыныс-пікірлері тыңдалды. Қабылдау барысында сала бойынша жауапты басшылар мен жаттықтырушылардың ұсыныс-пікіріне құлақ түрген Фани

Кенжеғараулы алдағы уақытта тиісті жұмыстар жасалып, аудан абыройын биікке көтеріп жүрген саңлақтардың мәселесі күн тәртібінен түспейтінін жеткізді.

– Спорт – денсаулық кепілі. Осы салада еңбек етіп жатқан жалағаштықтардың жетістігін айтып тауыса алмаймыз. Мұның барлығы сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің жемісі деп білемін. Бүгінгі төл мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Ауданның, аймақтың, елдің намысын қорғаудағы жүйелі жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін. Сіздер қандай қолдауға да лайықсыздар. Сондықтан жаңа өздеріңіз көтерген әрбір мәселе ескерусіз қалмайды. Бірақ барлығын бір уақытта шешіп бере алмаймыз. Алдағы уақытта кезек-кезеңімен шешіміне жұмыс жасаймыз, – деді Фани Сүлейменов.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Бәрекелді!



Ақерке ел абыройын асқақтатты

5-12 тамыз аралығында Қырғызстанның Чолпон-Ата қаласында тоғызқұмалақтан ойынынан 15 жасқа дейінгі ұлдар, қыздар мен ересектер және ардагерлер арасында Ә.Касмакуновты еске алу арналған Халықаралық турнир өтті. Оған аудандық «Наркескен» спорт клубының «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің жаттықтырушысы Ақерке Кенжебекова қатысты. Жеңісті жолдан жаңылмайтын жас спортшымыз бұл жолы да топ жарып, ел мерейін үстем етті.

Бүгінге дейін бізге берген сұхбатында Ақерке ойынды үнемі 7-ші отаудан бастайтынын айтқан. Себебі бұл сан оған үнемі ойынды жеңіспен аяқтауына септігін тигізіп келеді. Қырғызстанның төрінде өткен Халықаралық турнирді де жеңіспен қорытындылаған спортшымыз киелі санның өзіне тағы да көмектескенін айтады.

– Қазақстан мен Қырғызстаннан 250 спортшысы қатысты. Қарсыластарымыздың ешқайсысы осал емес, барлығы – үлкен додаларда топ жарып жүрген мықты ойыншылар. Ойын 9 кезеңнен тұрды. Еліміздің абыройын үшін барынша мұқият ойнап, 8 кезеңді жеңіспен аяқтап, 9-шы кезеңде өзіміздің Қазақстанның спортшысынан жеңіліп қалдым. Алайда жалпы есеп бойынша I орынды иелендім, – дейді Ақерке Батырбекқызы.

Айта кетейік, бірнеше мәрте жарысқа қатысып, жұлделі орындардан төбе көрсеткен Ақерке – Азия және Әлем чемпионы. Ол – 2016 жылы Ресей Федерациясының Алтай Республикасында тоғызқұмалақтан өткен жастар арасындағы Азия чемпионатының II орын иегері. 2017 жылы Астана қаласында өткен ересектер арасында IV Әлем чемпионатының қола жүлдегері. 2018 жылы Моңғолия Республикасында ересектер арасында өткен IV Азия чемпионатының алтын жүлде иегері атанған. Сондай-ақ ол Моңғолия Республикасының Баян-Өлгей қаласында 9 елден 200-ден астам спортшы қатысқан тоғызқұмалақтан өткен VI Азия чемпионатының алтын жүлде иегері атанып, ел мерейін асқақтатқан болатын. Бұдан бөлек Румыния мемлекетінің Констанца қаласында ересектер арасында өткен әлем кубогында тоғызқұмалақ спортының рапид түрінен де үлкен жетістікке жетіп, Әлем чемпионы болды. Сондай-ақ Қырғызстанның Бішкек қаласында қыздар мен әйелдер арасында өткен Халықаралық турнирден де I орын алып, ел мерейін үстем еткен болатын.

Жаттықтырушысы Асхат Төлемістің айтуынша, Ақерке ең алғаш үйірмеге келген күннен-ақ өзінің қарым-қабілетін көрсетіп, басқа шәкірттерге қарағанда ойынның қыр-сырын тез меңгерген. Ақерке үздіксіз әрі тыңғылықты дайындықтың арқасында бүгінде үлкен белестерді бағындырып, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері атанды.

Ақерке Батырбекқызы спортшы үшін ең үлкен күш өзіне сенім білдірген жандардың қолдауы екенін айтады. Ол сұқбат барысында тіпектес болған жерлестеріне ризашылығын білдіріп, алдағы уақытта бұдан да зор жетістіктерге ұмтылатынын жеткізді.

Айта кетейік, «Тоғызқұмалақ» үйірмесі 2022 жылдан бастап «Наркескен» спорт клубы жанынан ашылып, жұмысын бастаған. Қазіргі таңда үйірме құрамында 20 шәкірт тәрбиеленуде. 4 мың жылдан астам тарихы бар бұл спорт түрін аудан спортшылары халықаралық, республикалық ірі додаларда жүлделісі оралған емес. Қазіргі таңда ауданда тоғызқұмалақ спортынан 1 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 1 спорт шебері және 40қа жуық спорт шеберлігіне үміткер бар.

– Әр жарыста туған жеріміздің атын, еңуранын әлем алдында шырқату – менің басты мақсатым, алдағы сайыстарда да артылған сенімнің ақталуына бар күш-жігерімді саламын. Үлкен додаларға қатысуыма демеушілік етіп, жетістікке жетуіме жағдай жасап отырған «Наркескен» спорт клубына, осы спортқа мені бала кезімнен баулаған балкерім Асхат Маратұлына үлкен алғысымды білдіремін, – дейді Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Ақерке Батырбекқызы.

Иә, тоғызқұмалақ – ақыл-ойдың ұшқырлығын талап ететін ең күрделі ұлттық ойын. Ұшқыр ой, қажырлы қабілетінің арқасында дүбірлі додаларда топ жарып, еліміздің көк байрағын көкке көтеріп жүрген Ақерке қараша айында Турцияда өтетін Әлем чемпионатына дайындық үстінде. Ұлттық спортшымызды жандандырып жүрген жас спортшымыздың бұл доданы да топ жарып, жұлдемен оралғанын сүйніштілігімізге сенімдіміз.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Таралымы 2850 Тапсырыс № 1335